

М.Т.Баймұқанова, А.Қ.Ысқақова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: marber_96@mail.ru)

SOS Балалар ауылының әлеуметтік қызметінің қалыптасу тарихы

Мақалада SOS Балалар ауылының шетелде және Қазақстанда пайда болуының тарихи аспектілер, ата-ана қамқорлығынан айырылған балалармен әлеуметтік-педагогикалық және әлеуметтік жұмыс жүйесінің қалыптасуының негізгі қарастырылды. Авторлар әлеуметтік педагог Герман Гмайнердің жетім балалардың құқығын қорғау бойынша әлеуметтік қызметіне көп көңіл бөлген. Олар интернаттық мекемелердегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүйесінің әдістемелік және басқарудың және қаржыландыру негізін зерттелген. Материал тарихи кезектілікпен орындалған, логикалық жағынан дұрыс құрастырылған.

Кілт сөздер: SOS Балалар ауылы тарихы, SOS Балалар ауылы қозғалысы, SOS Қазақстан Балалар ауылы, SOS-Kinderdorf International Президенті, Әлемдегі SOS Балалар ауылының сандық мәліметтері, SOS Балалар ауылының 4 қағидаты, интернат үйлер, жетім балалар, әлеуметтендіру, әлеуметтік-педагогикалық қызмет.

Балалық шақ және жасөспірім кезінде үйлесімді дамуға бір ғана ұрпақ емес, жалпы қоғамның да болашағы байланысты. Әрбір бала өсе келе өзі тәрбиеленетін қоғамның мәдени құндылықтарын өзіне сіңіріп, келешек ұрпақтарына береді.

Қазіргі кезде Қазақстанда, ресми деректер бойынша, 34 785 бала жетім және ата-анасының қамқорлығы мен махаббатын қажетсінуде. Сондықтан олардың көбісіне отбасылық жағдайларға барынша жақын жағдайларды жасаған өте маңызды [1].

Әрбір бала жақсы көретін ата-аналарының қасында, оған қамқорлық беретін отбасында өсуі қажет. Бірақ өмірде жиі басқаша болады: ол жетім болып қалады немесе одан да жаманы — ата-анасы тірі болса да жетім болады, сондықтан оған жетімдер үйіне әкелетін жол ашылады. Әрине, бұл әрқашан мас ата-анасымен тұрғаннан көрі жақсы.

Бірақ балалар үйі қаншалықты жақсы болғанмен, солғын атмосфера баланың эмоциялық күйін қамтамасыз ете алмайды және оны өз бетінше өмір сүруге дайындай алмайды.

Бұл жағдайда бұрынғыша ұлттық бірлестіктің «Қазақстанның SOS Балалар ауылы» жобасы инновациялы және ең табысты болып табылады. Үйінен айырылған балалар үшін отбасыларын құрып қана қоймай, өзінің болашағын ойдағыдай құруға көмектеседі.

SOS Балалар ауылындағы отбасылық тәсіл 4 қағидатқа негізделген: әрбір балаға ана қажет, ол ағалары мен апаларының арасында, өз үйінде, ауылдың достық қалыпты ортасында көбірек табиғи түрде дамиды. Әдейі сол үшін отбасын нығайтуға және әлеуметтік жетімдіктің пайда болуының алдын алуға бағытталған орталықтар мен бағдарламалар құрылған.

XX ғасырда кедейшілік, айыпкерлік, жұмыссыздық мәселелері ұлғайып кетті. Осындай қауіпті жағдайлардан қорғау мақсатында кәметке толмаған балаларды қамқорлыққа алу керек болды. Соғыс салдарынан Еуропа аумағында отбасы қолдауынан айрылған, бақытсыздыққа ұшыраған балалар саны артқан соғыстан кейінгі кезеңде әлемдегі SOS қозғалысының негізін қалаушы доктор Герман Гмайнер Балалар ауылдарын құру бойынша қауымдастықты құрды.

Мемлекеттік жүйеге қамқорлық керек екендігін Герман Гмайнер Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін түсінді. Еуропадағы барлық интернаттар және балалар үйі толық болып, балалар қаңғыбас және ұрлықшы бола бастады. SOS Балалар ауылы жобасымен жұмыс істеу барысында Герман Гмайнер бастапқыда шенеуніктер жағынан түсінбестікке ұшырады. Бірақ оның сенімдігі және өжеттігі оның арманының орындалуына алып келді. Сондықтан да Герман Гмайнердің өмірлік жолына тоқталу абзал.

Герман Гмайнер Форарльбергте (Австрия) 23 маусымда 1919 жылы шенеуніктің үлкен отбасында алтыншы бала (барлығы 9 бала) болып туды. 1925 жылы наурызда анасы қайтыс болып, 5 жастағы Германға және ағалары мен әпкелеріне оның үлкен әпкесі Эльза қарады. 1936 жылы гимназияда ең үздік оқығаны үшін стипендия тағайындалады, бұл оның ары қарай оқуына жақсы мүмкіндік береді. 1940 жылы Вермахтқа әскерге шақырылып, Финляндияда, КСРО-да және Венгрияда соғысқа қатысады. 1945 жылы көп жарاقاتтармен Брегенц қаласындағы лазаретке түседі.

1946 жылы Инсбругте медицинаны оқиды. Медицинадан басқа философиямен және педагогикамен айналысады [2].

Гмайнерді аландатқан соғыстан кейінгі үйсіз, отбасысыз қалған балалар және, егер балада өзінің туған үйі болмаса, оған қалай жағдай жасасан да, ол көмек болмайтынына сенімді болды. Балалар ауылын құруға себеп болған 1947 жылы 12 жастағы жетім баламен кездесу болды. Баланың қайғылы өмірі Германияның жүрегінде үлкен із қалдырып, оның есіне өз өмірі және соғыс кезінде оны орыс баласы құтқарғаны түседі [2].

Герман Гмайнер жетім және дұрыс жолдан адасып кеткен жасөспірімдермен тәрбиеші ретінде қызмет атқара, балаларға олардың өмірінің басында, яғни, олар басынан кешірген эмоционалды жағдайларды емдеуге болатын кезде көмектесу керек екендігін түсінді. Гмайнер алғашқыдан педагогикалық тәжірибеде ең бастыны түсінді және бөліп алды: дербестік, тәуелсіздік, онсыз тәжірибе іске аспайды. Педагогикалық бостандық әкімшілік және қаржылық тәуелсіздікті мензеді. Қаражат керек болды. Бірақ ақшасы, байланысы жоқ адам мұндай әдемі, ғажайып идеяға және үйді салуға, балаларды тамақтандыруға, киіндіруге қаражатты қайдан алады? Осы кезден бастап Герман Гмайнер қазіргі таңда бізге түсінікті және қолжетімді жолмен жүреді. Заң бойынша тіркелген қоғамдық ұйымға қайырымдылық іс-шараларды жүргізуге және ақша жинауға рұқсат етілген еді.

Өз арманың іске асыру үшін Герман Гмайнер қолына бір кесе алып көршілерден ақша жинауға шығып, қазір таңда «SOS Балалар ауылы» Ассоциация (SOS-Kinderdorf) тіркелген, 600 шиллинг жинап алды (40 доллар шамасында). 1948 жылы Герман Гмайнер, өзінің көзқарасы бойынша, осы мәселеге әсер ете алады деген мемлекеттік, діни және жеке ұйымдарға барады. Қорытындысы нашар болады, өйткені оның бұл идеясын бәрі шындық ретінде қабылдамады [3].

«Мен қайда барсам да мені ешкім түсінбеді. Қай есіктен барып көмек сұрасам да менің идеямды бөлісетін ешкімді таппадым. Балалар ауылы? Балалардың анасының орнын басатын күйеусіз әйелдер? Бірге өмір сүру? Бұндай идеяда ешқандай болашақ жоқ. Мен дилетанттардың да, кәсіби тәрбиешілердің де алдында күлкілі болдым. Маған сенген тек менің аз ғана достарым болды», — деп Герман Гмайнер еске алды [3].

Гмайнерлік модельдің қарсыластары көп болды, бірақ оған тыйым салатын немесе рұқсат беретін ешкім болмады. Батыл және көп адамға түсініксіз педагогикалық тәжірибе орындалу үшін керегі — кедергі жасамау болды.

1949 жылдың 22 шілдесінде Гмайнер құрылыс жұмыстарын бастау үшін жер іздеу мақсатында әр түрлі инстанцияларға арыздар жазады. Соңында Имст (Австрия) орталығының мэры Йозеф Кохтан жауап алды. Бөлінген жер электр жүйелері және су жоқ таулы жерде болады. Кейінірек осы жерде балалар ауылының бірінші коттеджі құрылды [2].

Тілектестердің қолдауымен және адами жақсылыққа қозғалмалы мызғымас сеніммен Герман Гмайнер әлемдегі бірінші SOS Балалар ауылды құруды бастады. SOS Балалар ауылы моделі басқа «казармалық» балалар үйлерінен қатты өзгешеленді және бүкіл әлемдегі балаларды тәрбиелеу жүйесі реформаланды. Герман Гмайнер басқа елдерде SOS Балалар ауылын құруға шамалы қаражаттар салу арқылы көмектескен SOS-достарына өзінің идеясының дұрыс екендігін дәлелдеді. «Цепная реакция добра» барлық контингенттерді жаулап алды және бұл идея әлемнің 133 елінде жүзеге асуда. «Біздің балалардың болашағы — біздің болашағымыз», — бұл сөздер өз уақытынан бір қадам алда келе жатқан Герман Гмайнерға тиесілі. Герман Гмайнер өмірден кетер алдында айтқан сөздері: «Мен өмірімді қол созып, сұраумен өттім». Енді қазіргі таңда SOS Балалар ауылы тек ерікті салымдармен жүзеге асуда.

Герман Гмайнер 1986 жылы 26 сәуірде Чернобыль АЭС апаты болған күні қайтыс болды. Оның жұмысын SOS-Kinderdorf International Президентінің орнында 26 жыл отырған Хельмут Кутин жалғастырды [4].

«Гмайнер нағыз табиғи жақсы және діни адамға лайықты қасиетке сүйенді — отбасылық ошақтан лақтырылып тасталған балаларды қорғау және оларға қамқорлық көрсету. Ол қазыналық бөлмелерді үймен, үлкен топтарды отбасымен ауыстырды. Және ол отбасының формалды түрі ғана болған жоқ. Мен мұны дәлелдей аламын, өйткені мен өзім осындай отбасында ер жеттім. Бұл осындай отбасында тұратын балаға қамқорлық, рухани ем және қоғамға оралу дегенді білдіреді», — деп Хельмут Кутин еске алды.

SOS Балалар ауылы — бұл балалардың қызығушылықтарын, құқықтарын және қажеттіліктерін 64 жыл қорғап келе жатқан халықаралық мемлекеттік емес, әлеуметтік ұйым. Қамқорлық орталығында отбасысыз қалған, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, сонымен қатар қолайсыз

жағдайда өмір сүретін отбасылар орын тапқан. SOS Балалар ауылы және SOS Жасөспірімдер үйінде қазіргі таңда барлық контингенттерде 65 000 балалар және жасөспірімдер пана тапқан. Әлемде мыңдаған адамдар SOS Балалар ауылының шұғыл көмегін және педагогика, медицина және әлеуметтік бағдарламалар шеңберінде көмек алуда. SOS Балалар ауылы киын жағдайға түскен балаларға отбасын береді, өзінің болашағын құруға мүмкіндік береді, қоғаммен бірге дамуға көмектеседі [5].

Соғыс салдарынан зардап шеккен балаларды қорғауға асыққан және отбасылық тәрбиелеу SOS моделін құруды ойлаған Герман Гмайнер өзінің ойымен бөліскенде, егер мен Австрияда кем дегенде үш балалар ауылын құрсам, мен босқа өмір сүрмегенмен деген еді. Қазіргі таңда әлемнің 133 елінде 532 SOS Балалар ауылы қызмет атқаруда. 1 300 000 балалар мен жасөспірімдерге SOS моделінің Г.Гмайнердің жасөспірімдер үйі, балабақша, Г.Гмайнер мектептері, әлеуметтік, медициналық және оқыту орталықтары қызмет көрсетуде.

Әлемде 8 топқа бөлуге болатын, SOS Балалар ауылының 2406 мекемесі қызмет атқаруда (кестені қара).

К е с т е

Әлемдегі «SOS Балалар ауылының» сандық мәліметтері

Жоба атаулары	Саны	Салынып жатқандар
SOS Балалар ауылы	532	11
SOS Жасөспірімдер үйі	616	3
SOS Балабақшалары	232	5
Герман Гмайнердің SOS мектептері	185	6
Тренингтік орталықтар	99	2
SOS Әлеуметтік орталықтар	647	2
SOS Денсаулық сақтау орталықтары	74	2
ТЖ жанындағы SOS бағдарламалық көмек	21	0
Барлығы	2406	31

Қызмет атқару жылдарында SOS Балалар ауылы 14 рет Нобельдік сыйлыққа тағайындалды. 2002 жылы Хельмут Кутин SOS Children's Villages атынан бұл облыстағы ең үлкен Конрад Хилтон Қорының гуманитарлық сыйақысын алды.

2012 жылдың шілде айынан SOS Kinderdorf International ұйымын Сиддхартха Каул басқарады. Оның әкесіне Дж. Н. Каулға Үнді еліндегі Балалар ауылының қызметін басқару жүктелген еді. Гринфилдсте бірінші SOS ауылы пайда болғанда Каулдың барлық отбасы көшіп барды. Сиддхартха жоғары оқу орнында архитектураны және гуманитарлық ғылымды оқыған. Жазғы лагерларды басқарған, жасөспірімдерге тілден және математикадан сабақ берген.

1978 жылы қазанда «Үнді SOS Балалар ауылы» оған оңтүстік Үндіде балалар ауылын ашуды ұсынды. Бұл ұсыныс оған өте пайдалы болды және оның ұйымға деген бейімділігі арта түсті. Осы уақыттан бастап оның жеке өмірі мен кәсіби өмірі арасындағы жеке жоғалып кетті.

1981 жылдың наурыз айынан бастап С. Каул SOS Children's Villages International ұйымында жұмыс атқарды және ол Шри-Ланкаға жіберілді, мұнда ол дәстүрлі ұйымды құрды. 1986 жылдан С. Каул аймақтық директор болды. Осы уақыттан ол ең жауапты мақсаттарды іске асыра бастады: Вьетнамдағы ұйымды қалпына келтірді, Камбоджада SOS қауымдастығын құрды. SOS ұйымның жоғарғы басқармасына еніп және стратегияны құру процесінің қатысушысы болып, 2001 жылы Азияның Бас хатшысының орынбасары болды. 2004 жылы Азияға цунами түскенде масштабты көмекті және қалпына келтіруді С. Каул басқарды [5].

Азиядағы әр түрлі әлеуметтік, экономикалық, діни және саяси жүйенің шарттарына сәйкес жұмыс істеп, С.Каул этникалық және мәдени алуан түрліліктердің маңыздылығы мен бағалылығын түсінуді үйренді. Сиддхартха Каул Азия елдерінің азаматтық қоғам өкілдерінің және үкіметтің, ұйымдардың сан алуан сыйлықтарына ие.

Қазақстанға SOS ұйымы 90-жылдары КСРО тарағанда, елде экономикалық тұрақсыздық жаулағанда, жұмыссыздық, әлеуметтік мәселелер пайда болғанда келді. Саясат мәселелерімен айналысып жатқан қоғам жетім балалар мәселелерін бірден байқамады. Бірақ осы уақытта Мюнхенде

болған Сара Алпысқызы Назарбаева отбасылық типтегі балалар ауылы туралы біліп, бұл модель туралы айқындай бастады. Бірінші Леди бұл модельдің артықшылықтарын көріп, Қазақстанда да балалар ауылын құруды ойлады. Сара Алпысқызы мемлекетте балалар ауылын құруға қаражаттың жоқтығын түсіне отырып, Халықаралық қормен келісімге қол жеткізді, жақында 1994 жылы Қазақстанды ұйымның реестрына енгізді. «SOS Қазақстан Балалар ауылы» Ұлттық қоры құрылды, бірінші президенті Назарбаева Сара Алпысқызы болды.

Бірінші күннен бастап Бірлестіктің басты мақсаты — бақытсыздыққа ұшыраған балаларға және жетім балаларға отбасылық тәрбие беру моделі арқылы ұзақ мерзімді қамқорлық және әлеуметтік-педагогикалық көмек беру.

1997 жылы бірінші балаларды Алматы SOS Балалар ауылы қабылдады. 1999 жылы Астана қаласында Балалар ауылының бірінші тасы салынды, ал 2000 жылы ауыл балалар дауысына толды. 2004 жылдың 19 мамырда ең жас балалар ауылының, яғни Теміртау SOS Балалар ауылының, есігі ашылды.

Он тоғыз жыл ішінде Бірлестік Қазақстандағы SOS-қозғалысының дамуына өз үлесін қосты. Қазір SOS Балалар ауылында, атап айтқанда, Алматының SOS Балалар ауылында, Астананың SOS Балалар ауылында және Теміртаудың SOS Балалар ауылында 300-ге жуық балалар тұрады, олар жастарына сәйкес толық қамқорлық және тәрбие алады [1].

«SOS Балалар ауылы» бағдарламаға қатысатын балалар, жасөспірімдер және жастардың ғана емес, сондай-ақ қауіп тобындағы отбасылардың балаларының және ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалардың да белсенді құқықтарын қорғайды. Бұл жетім балаларды қолдау бағыты қоғамның және мемлекеттің оларға қамқорлық жасау және олардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мүмкіншіліктерін дамыту болып саналады.

Бүгінгі таңда SOS ауылдарда 300 астам балалар, ал туған отбасында 688 балалар өмір сүреді. Ойын *bus* бағдарламасында 2334 балалар тәрбиеленуде [5].

Біздің мемлекеттің бұл саладағы жетістігі — Білім министрлігі жүйесінде балалар үйлері мен интернаттарға балама ретінде отбасылық типтегі балалар ауылының салынуы.

1993 жылы Сары Алпысқызы Назарбаеваның бастамасымен SOS-қозғалысы біздің елімізге келді. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «SOS Kinderdorf International» Халықаралық қоры арасында шарт жасалды.

2004 жылы 3 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынан айрылған балаларға көмек көрсетудегі тығыз ынтымақтастыққа бағытталған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «SOS Kinderdorf-International» Халықаралық қоры арасында шартты бекіту туралы Заңға қол қойды.

Осылай «SOS Kinderdorf International» SOS Балалар ауылының құрылу тарихы мен дамуы әлем бойынша жетім балаларға қамқорлық көрсетуде ата-бабаларымыздың еңбегінің дәлелі болып табылады. Бұл бағытта Қазақстан жағымды тәжірибені қабылдап дамытуда, бұл бүкіл әлем бойынша балаларды әлеуметтік қорғауда қосқан зор үлес болады.

SOS Балалар ауылының қызметінің мақсаты — бақытсыз балаларға отбасылық өмірге жақын жағдайларды жасау. SOS Балалар ауылы қозғалысының өз алдына қоятын басты міндеті — балалардың мүдделері мен құқықтарын қорғау, олардың отбасында тәрбие алу құқығын жүзеге асыру, олардың ертеңгі күнге деген сенімділік, тәуелсіздік, өзін-өзі таныту сезімдерін тәрбиелеу, балалық үмітін және дәмеленуін ақтау және оларды жүзеге асыру мүмкіншілігін жасау. Біздің Республикада қабылданған бағдарламалар мен SOS Балалар ауылы қозғалысының жобаларының мәнісі осыда.

Әлеуметтік жұмыскердің қызметінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қорғау ерекше орын алады. Сондықтан балалар ауылдарындағы балаларды тәрбиелеу, күту және бағу тәжірибесін зерттеу әлеуметтік жұмыс саласындағы болашақ мамандардың кәсіптік құзыретін құруда маңызды орын алады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 [ЭП]. Қолжетімділік тәртібі: http://news.headline.kz/samoe_pozitivnoe/sos_detskie_derevni_kazahstana_detskie_mechtyi_vzroslyie_zadachi.html
- 2 [ЭП]. Қолжетімділік тәртібі: <http://ru.wikipedia.org/wiki/>
- 3 Брускова Е.С. С миру по шиллингу. — М.: Знание, 1992.

4 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://soskd.narod.ru/Osnov.htm>

5 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.sos-kazakhstan.kz/>

М.Т.Баймуканова, А.К.Искакова

История формирования социальной деятельности SOS Детской деревни

В статье рассматриваются исторические аспекты создания SOS Детской деревни за рубежом и в Казахстане, особенности формирования системы социально-педагогической работы и социальной работы с детьми, оставшимися без попечения родителей. Большое внимание авторами статьи уделено деятельности социального педагога Германа Гмайнера по охране прав детей-сирот. Авторами изложены особенности управления, функционирования и финансирования интернатного учреждения, методические основы системы социально-педагогической работы в нем. Материал представлен в исторической последовательности, логически верно построен.

M. T. Baymukanova, A. K. Iskakova

History forming of social activity of SOS child's village

Historical aspects of creation of SOS Children village abroad and in Kazakhstan, peculiarities of forming of the system of social and educational work and social work with children left without parental care are considered in this article. The authors of the article pay great attention to the work of social educational specialist Herman Gmeiner on the question of rights protection of the orphans. The authors consider methodological principals of the system of social and educational work in the boarding school, peculiarities of the management, functioning and financing. The facts are presented in historical order, logically correctly given.

References

- 1 [ER]. Access mode: http://news.headline.kz/samoe_pozitivnoe/sos_detskie_derevni_kazahstana_detskie_mechtyi_vzroslyie_zadachi.html
- 2 [ER]. Access mode: <http://ru.wikipedia.org/wiki/>
- 3 Brusikova Ye.S. *From the world of shilling*, Moscow: Znanie, 1992, 156 p.
- 4 [ER]. Access mode: <http://soskd.narod.ru/Osnov.htm>
- 5 [ER]. Access mode: <http://www.sos-kazakhstan.kz/>